# Сөз таптары. Зат есім



**Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасы,қойылатын сұрағына,сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын сөз таптары дейміз.**

1 Зат есім
2 Сын есім
3 Сан есім
4 Есімдік
5 Етістік
6 Үстеу
7 Еліктеу
8 Шылау
9 Одағай



# Зат есім

– Кім? Не? Деген сұрақтарға жауап береді.

- Белгілі затқа, нәрсеге, табиғат құбылысы мен қоғамдық болмысқа қойылған атаулар.

МЫСАЛЫ: әке(кім?)        тау (не?)

# Зат есім

- **Жалпы есім-** біркелкі заттардың жалпы атауы.
- **Мысалы:** тау, өзен, көл, қала, жұлдыз, кісі, қару,т.б.

- **Жалқы есім-** біртектес бірнеше заттардың ішінен бөлініп алынған және жеке я дара заттарға берілген атауларды білдіретін сөздер.
- Гималай, Арман

# ТАПСЫРМА

## ЗАТ ЕСІМ

**ЖАЛПЫ** **ЖАЛҚЫ**

АЛИМА,АҒАШ,СӘУЛЕ МҰРАТҚЫЗЫ, ИТ, АЛМА, ЖЫЛ,АЛМАТЫ, ОРАЛ, ЖЕР,ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ,ҚҰЛАГЕР,ӘРІП,МӘТІН, МЕКТЕП, САРЫСУ,АУЫЛ

НЕГІЗГІ

ТУЫНДЫ

# ЗАТ ЕСІМ

КҮРДЕЛІ



## Негізгі зат есімдер

**Мысалы кітап**

**Туынды зат есімдер жұрнақтар арқылы жасалады**

**Мысалы қойшы**

**Зат есімдер бірігу**

**қосарлану**

**тіркесу арқылы жасалады.**

**олар күрделі зат есімдер деп аталады.**

**Мысалы өнеркәсіп**

**аяқ-табақ**

**Арал теңізі**

# ЗАТ ЕСІМ

ДЕРЕКТІ

ДЕРЕКСІЗ

- Нақтылы тануға болатын зат атаулары **деректі зат есім** деп аталады.Мыс:мектеп,ағаш,қағаз.
- Көзге көрінбегенмен,адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс,ұғым атаулары **дерексіз зат есім** деп аталады.Мыс:адамгершілік, ақыл.

# Кітаппен жұмыс

- 122 жаттығу



# Кітаппен жұмыс

- 123 жаттығу



- Зат есім
  - Түрлері
  - СҰРАҚТАРЫ
  - НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

# ТАПСЫРМА

## “ Кім жылдам?” ойыны

**Әркім өздері білетін бір-екі мақал-мәтелді жазып, ондағы зат есімдердің астын сызу,түрін анықтау.**

- Зат есім
  - Жалпы,жалқы
  - Деректі,дерексіз
  - Негізгі, туынды,күрделі

  - Кім? Не? Деген
  - сұрақтарға
  - жауап береді

  - Сөз табының бірі
  - Заттың атын білдіреді

# Сұрақ-бізден, жауап-сізден

- Сөз таптары дегеніміз не?
- Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Зат есім дегеніміз не?
- Сұрақтары қандай?
- Зат есімнің қандай түрлері бар?
- Жалпы,жалқы есім дегеніміз не?
- Деректі,дерексіз зат есім дегеніміз не?

# Тапсырма

***Ережелерді жаттау***

***126 жаттығу***

